



Автор: Есингожина Зибәгүл Пишенбайқызы
Пән: Дүниетану. Тарих компоненті
Сынып: 3-сынып
Бөлім: Уақыт
Тақырып: Спорт денсаулық кепілі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.1.4.2. Спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандайда бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің қабілеттерін анықтау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Спорт түрлерін топтастырады, спорттың қандайда бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің қабілеттерін анықтай алады. Көпшілік оқушылар: Өз мектебінде қандай спорт үйірмелері жұмыс жасайтынын біледі. Кейбір оқушылар: Ақпарат көздерін пайдаланып, Қазақстандық спортшылар туралы мәлімет алады.
Тілдік мақсаттар:	Спорт түрлері; жазға және қысқы спорт түрлері, футбол, хоккей, волейбол т.б. -Қандай спорт түрлері бар? -Қысқы және жазғы мезгілдерде қандай спорт түрлері ойналады? -Спорттың денсаулық үшін қандай маңызы бар? -Спортпен шұғылданғанда сақталатын қауіпсіздік ережелері? -Өз мектебінде қандай спорттық үйірмелер жұмыс жасайды? - Қазақстанда қандай спортшылар олимпиада чемпионы атағын алды?
Бағалау критерийлері:	- Спорт түрлерін ажыратады; -Спортпен айналысуға қатысты өзінің қабілеттерін сипаттайды.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта, суреттер, үлестірмелер, постер, маркер https://bilimland.kz/kk/courses/education-movies/tema-klassnogo-chasa/lesson/futbol-ojyny https://bilimland.kz/kk/courses/education-movies/televizionnye-programmy/bolshie-lyudi/lesson/57-qazhymuqan-mungai-tpasov-ehnriko-fermi-sandro-bottichelli
Пәнаралық байланыс:	Көркем еңбек, бейнелеу өнері.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Белсенді оқыту: Нұсқау беру және айту. Ұ.Бейнеролик. BILIMLAND -Бейнеролик не туралы? - Жерлесіміз кім болған? Оқушылар сабақ тақырыбымен мақсаты жайында болжам жасайды. Бүгінгі сабағымызда топтық бағалау кестесін пайдаланамыз.	https://bilimland.kz/kk/courses/education-movies/tema-klassnogo-chasa/lesson/futbol-ojyny https://bilimland.kz/kk/courses/education-movies/televizionnye-programmy/bolshie-lyudi/lesson/57-qazhymuqan-mungai-tpasov-ehnriko-fermi-sandro-bottichelli

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Белсенді оқыту: Көрсету және модельдеу. Ж.Қ. «Т кестесі» әдісі. Мақсаты: Оқушылардың спорт түрлерін қаншалықты білетіндерін анықтау. Берілген суреттерді кестеге орналастыр. Жазғы спорт түрлері Қысқы спорт түрлері - Қысқы және жазғы қандай спорт түрлерін білесіңдер? -Жазғы және қысқы спорт ойындарының ерекшелігі неде? Дескриптор: -Спорт түрлерін топтастырады. -Қысқы және жазғы спорт ойындарының ерекшелігін ажыратады. Қалыптастырушы бағалау: Кесте бойынша Кері байланыс: «Континуум» әдісі Саралап оқыту: Қарқын және дереккөздер. Мақсаты: оқушылардың ойлау, танымдылық, ізденушілік қабілеттерін шыңдау. Барлық оқушылар: «Постер» әдісі. Мақсаты: ойларын жинақтап, нақты ақпарат беру. Спортпен шұғылданғандағы қауіпсіздік ережелерін жазады. Көпшілік оқушылар: «Фишбоун» әдісі. Мақсаты: жаңа мағұламаттардыжазу арқылы ойларын жинақтау. Өз мектебіңде қандай спорт үйірмелеріжұмыс жасайды және өзің қай спорт түріне қатысасың? Не үшін? Кейбіроқушылар: «Эйлер шеңбері» әдісі. Мақсаты: маңызды ақпараттардыжинақтап, саралау. Түрлі ақпарат декреккөзін пайдалану арқылыҚазақстандық олимпиада чемпиондарын және қандай спорт чемпионыекенін жазу. Дескриптор: - Спортпен айналысқанда қауіпсіздік ережелерінсақтай алады; - Мектепте қандай спорт үйірмелері жүргізілетінін біледі; -Ақпарат көздерінен деректер таба алады. Қалыптастырушы бағалау:бағалау кестесі Кері байланыс: «10секунд» әдісі -Білдім -Таңқалдым -Ескесақтадым Белсенді оқыту: Сұрақ қою және талқылау Т.Қ. «Буклет әдісі»Мақсаты: Оқушылардың білімдерін және ойлау дағдыларын дамыту. 1топ:Өздеріне ұнайтын спорт түрлерін жазады; 2 топ: Отбасына ұнайтын спорттүрлерін жазады; 3 топ: Спорттың пайдалы жақтарын жазады;Дескриптор: -Спорт түрлерін жас ерекшелікке және қабілетіне қарайжіктей алады; -Спорттың денсаулыққа маңыздылығын біледі;Қалыптастырушы бағалау: Кесте арқылы Кері байланыс: «Шахмат» әдісі</p>	
Сабақтың соңы	<p>Белсенді оқыту: Қорытынды шығару және есте сақтау. -Бүгінгі сабақта не үйрендік? -Сендерге не ұнады? Ұ. «Диаграмма» жасау. Мақсаты: Оқушылардың бүгінгі сабақта өздеріне не ой түйгендерін және қандай спортқа қабілетті екендерін білу Әр оқушы өздері болашақта және бүгінгі күнқатысатын спорт түрлеріне стикермен аттарын жазып жапсырады. Футбол Дзюдо Қазақша күрес Тоғызқұмалақ Жүзу Бокс Каратэ</p>	
Рефлексия	<p>Рефлексия «Шабадан, еттартқыш,себет» әдісі Шабадан: Керекті ақпаратты алдым Еттартқыш:Әлі де түсініерім бар Себет: Түсінбедім</p>	